

**Сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымды  
№ 42 ерекше сатып алу қорытындылары туралы хаттама**

**Нұр-Сұлтан қ.  
Есіл ауданы,  
Достық к-сі, 13/3 үй**

**14 желтоқсан 2020 жыл**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымды № 42 ерекше сатып алуды өткізу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 08 желтоқсандағы № 12-2/470 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. – Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Қансұлтан Н.Ғ.– басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
3. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
4. Қалмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Ербатыр Е.Е. – сатып алу басқармасының бастығы;
6. Коскельдинова А.К. – құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
7. Палинка Н.А. – медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
8. Айдарбеков С.О. – қауіпсіздік қызметтің 1 санаттағы бас менеджері;
9. Аширбеков А.К. – медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету басқармасының бас менеджері (бұдан әрі – Комиссия),

сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымды (бұдан әрі – медициналық бұйым) ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 11 желтоқсан сағат 15.00-ге дейін [zakur\\_sko@sk-pharmacy.kz](mailto:zakur_sko@sk-pharmacy.kz) электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді (ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман А. Тоқбергеноұлының 14.12.2020 ж. №СЗ-5718 қызметтік жазбасы) қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2020 жылғы 08 желтоқсанда «СҚ-Фармация» ЖШС [www.sk-pharmacy.kz](http://www.sk-pharmacy.kz) интернет-ресурсында инфекциялық және паразитарлық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында мынадай дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

№	Сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымның атауы	Саны	Бірлік үшін бөлінген баға, теңге	Сатып алуға бөлінген сома, теңге
1	Рентгендік диагностикалық кешен жиынтықта 3 жұмыс орнына арналған	3	171 800 000	515 400 000

2. [zakur\\_sko@sk-pharmacy.kz](mailto:zakur_sko@sk-pharmacy.kz) электрондық поштаға сатып алуға қатысуға өтінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер ұсынған:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы, БСН	Орналасқан орны	Күні мен уақыты	E-mail
1	«Медикал Солюшнс» ЖШС, 130340013325	Алматы қ., Аксай-4 ықшауд, 117 үй	10.12.2020ж. 04.36	87018796969@mcs.kz
2	«CINA PHARM» ЖШС, 000840000315	Алматы қ., Мыңбаев к-сі, 151 үй, 48 кеңсе	11.12.2020ж. 03.38	gera878@gmail.com

3. Әлеуетті өнім берушілер сауда атаулары бар медициналық бұйымды ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынды:

№ п/п	Шақыру бойынша медициналық бұйымның атауы	Әлеуетті өнім берушінің атауы	Саудалық атауы	Бірлік үшін баға ұсынысы, теңге
1	Рентгендік диагностикалық кешен жиынтықта 3 жұмыс орнына арналған	«Медикал Солюшнс» ЖШС	Рентгендік диагностикалық кешен Platinum dRF жиынтықта үш жұмыс орнына арналған	171 800 000
2		«CINA PHARM» ЖШС	RF жабдығымен Roesys X Twin рентгендік диагностикалық жүйесі	167 000 000

4. «CINA PHARM» ЖШС-нің өтінімі Қағидалардың талаптарына және (немесе) мына негіздер бойынша ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарттарына сәйкес келмейді:

медициналық бұйымды жеткізудің ұсынылған мерзімі шақыру шарттарына сәйкес келмейді;

Қағидалардың 212-тармағының б) тармақшасы бұзылған: өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан аз уақыт бұрын берілген салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екенін растайтын құжат ұсынылмаған;

медициналық бұйымға әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық ерекшеліктің шақыру шарттарына сәйкес келмеуі.

5. Сарапшы әлеуетті өнім беруші «Медикал Солюшнс» ЖШС ұсынған медициналық бұйымға техникалық ерекшеліктің сәйкестігі туралы қорытынды берді.

6. Әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Комиссия Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, 20, 212, 214, 247, 368, 372 **ШЕШТІ:**

1) әлеуетті өнім беруші «CINA PHARM» ЖШС-нің өтінімін қабылдамау»

Қағидалардың 247-тармағы 3) тармақшасының негізінде жеткізу мерзімінің шақыру шарттарына сәйкес келмеуіне байланысты;

Қағидалардың 247-тармағының 10) тармақшасының негізінде өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан аз уақыт бұрын берілген салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдары, міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екенін растайтын құжатты ұсынбау;

Қағидалардың 247-тармағының 28) тармақшасының негізінде әлеуетті өнім беруші ұсынған сипаттамаларды және/немесе техникалық ерекшелікті сарапшының шақыруының шарттарына медициналық бұйымды сәйкес емес деп тану.

2) осы хаттамаға қоса берілетін баға ұсынысы және техникалық ерекшелігі бар медициналық бұйымды ұсынған, Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде әлеуетті өнім беруші «Медикал Солюшнс» ЖШС сатып алудың жеңімпазы деп танылсын.

Осы хаттама сатып алу шарттарын жасасуға негіз болып табылады және «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

*Қосымша: «Медикал Солюшнс» ЖШС-нің баға ұсынысы және техникалық ерекшелігі.*

**Комиссия төрағасы**

**Е. Искалиев**

**Комиссия төрағасының  
орынбасары**

**Н. Қансұлтан**

**Комиссия мүшелері:**

**Г. Омарова**

**А. Коскельдинова**

**А. Калмагамбетова**

**Н. Палинка**

**Е. Ербатыр**

**А. Аширбеков**

**С. Айдарбеков**

**Комиссия хатшысы**

**А. Сатенова**